ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24 қазан №5165-23-00-2/2580 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Түркістан музыкалық-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Nurtiles» Ұлықбек Нұртілес Нұртасбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Түркістан музыкалық-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Nurtiles» Ұлықбек Нұртілес Нұртасбекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жеке кәсіпкер «Nurtiles» Ұлықбек Нұртілес Нұртасбекұлынан талап қоюшы Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының «Түркістан музыкалық-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 10 852 (он мың сегіз жүз елу екі) теңге тұрақсыздық айыппұл, 326 (үш жүз жиырма алты) теңге төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Nurtiles» Ұлықбек Нұртілес Нұртасбекұлынан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 26.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2023, судья Байтенов С. К., 05.12.2023

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -